



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

14 қаңтар
сенбі

№4 (1911)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ЕСЕЛІ ЕҢБЕК – ӨРКЕНДЕУ НЕГІЗІ

Өткен жылы Қызылорда қаласында «Анаға тағзым» орталығы, «Өнер» орталығы, «Неке» сарайы сынды іргелі құрылыс нысандарының іргетасы қаланғаны белгілі. Бұдан бөлек жылу электр станциясының капсуласы салынса, ел игілігі үшін бірнеше көпқабатты тұрғын үй берілді. Биыл 231 көше жөнделіп, жайлы мектеп бағдарламасы арқылы 8 білім ұясы салынады деп күтілуде. Бұл туралы Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов өңірлік коммуникациялар орталығының баспасөз алаңында өткен брифингте айтты.



– Мемлекеттік бағдарламалардың игілігі – «Нұрлы жер» бағдарламасымен Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында 10 көпқабатты тұрғын үйдің іргетасы қаланды. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 1,2 млрд теңге қаралды. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Бұған қоса жеке инвесторлар есебінен 9,9 млрд теңгеге 509 пәтерлі 18 үйдің құрылысы жүргізілуде, – деді қала басшысы.

Аукымды жобаның бірі – «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы тұрғын үй сектордың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы. Оның ішінде – «құңғымалар бұрғылаумен су жинағыш құрылысын салу» жобасы. Қала әкімі республикалық бюджеттен бөлінген 1 млрд 195 млн теңгеге қуаттылығы 7200 текше метр болатын 7 ұңғым мен 3 резервуардың құрылысы жүріп жатқанын атап өтті. «Біз осы жобаны жүзеге асыру арқылы «Бәйтерек» және қосымша Шанхай, КБИ тұрғын аудандарында орналасқан жеке тұрғын үйлерді тұрақты қысымды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ететін боламыз», – деді шаһар басшысы.

2 БЕТТЕ

10 қаңтардан бастап мектеп бітірушілердің білім деңгейін анықтайтын ұлттық біріншілік тестілеу басталды. Тестілеуге облыс бойынша 8048 түлектің 7044-і немесе 87,5 пайызы қатысуға өтінім берген. Тестілеу 2023 жылғы 10 ақпанға дейін жалғасады.

ҰБТ: БІЛІМ СЫНҒА ТҮСЕР ШАҚ



Қаңтардағы ҰБТ-ға жоғары оқу орындарына шартты түрде қабылданған студенттер, шығармашылық дайындықты талап ететін БББТ-дан басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген ЖОО білім алушылары, ақылы негізде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына ауысуға ниет білдірушілер, сондай-ақ қалауы бойынша ЖОО ақылы негізде оқуға қабылданғысы келетін мектеп түлектері қатысады. Тіркелу кезінде тест тапсырушылар емтихан орнын, күнін және уақытын өздері таңдайды.

Айта кету керек, 2023 жылғы ҰБТ-да тестілеу форматы өзгеріссіз қалды. Қазақстан тарихы бойынша 20 сұрақ, оқу сауаттылығы – 15, математикалық сауаттылық – 15 және екі бейіндік пән бойынша 35 тапсырманы орындайды. Барлығы – 120 сұрақ. Ең жоғары балл – 140. Тестілеудің жалпы уақыты – 4 сағат. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минуттық уақыт сақталады.

Қаңтардағы ҰБТ-дан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсуге ниет білдірушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсырады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАҢА АВТОБУСТАҒЫ ЖОЛАҚЫ: КАРТАМЕН АРЗАН, ҚОЛМА-ҚОЛ ҚЫМБАТ



Жазда салқын, қыста жылы, орындығы жайлы, билетті заманауи түрде төлеп, әр аялдама сайын жағымды әуен мен маңызды ақпарат естіп отыратын жаңа автобуспен қатынағым келеді. Жақында бұл да орындалады. Сенбейсіз бе?

Жыл басында осындай жағымды жаңалықты «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директоры Мақсат Жүсіп және осы мекеме директорының қауіпсіздік қызметі бойынша орынбасары Әмірбек Шаймағанбетов жеткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің үлкенді-кішілі қалаларында қоғамдық көліктің жай-күйін жақсартып, бұл бағыттағы қызметтің сапалық деңгейін одан әрі көтеру қажеттігін жергілікті атқарушы органдарға жүктеген болатын. Жалпы қоғам арасында жиі сынға ұшырап отырған мәселенің бірі осы қоғамдық көлік болғанымен, біз барған мекеме өз жұмысын бір жүйеге келтіріп, халыққа сапалы әрі қауіпсіз қызмет көрсетуді қолға алуда. Иә, «Қызылорда автобус паркі» серіктестігінде жаңа серпін бары байқалады.

2 БЕТТЕ

Жаңа заң аясында биылдан бастап шетелдік автокөліктерді заңдастыру ережесі қайта бекітілді. Ішкі істер министрлігінің дерегіне, 11 қаңтарда ҚР №13 «Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін алым мөлшерлемесін қолдану қағидаларын, шарттары мен мерзімдерін бекіту және осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды өндірушілердің (импорттаушылардың), сондай-ақ көлік құралдары санаттарының кеңейтілген міндеттемелерінен босату туралы» қаулыға қол қойылған.

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕРДІ ТІРКЕУДІҢ ЖАҢА ЕРЕЖЕСІ

Қаулы негізінде 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін ел аумағына әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін алым мөлшерлемесін қолданудың және осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды утиль алым төлеуден босатудың тәртібі, шарттары мен мерзімдері айқындалады.

Егер көлік құралдары Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген, іздеуде жоқ, басқа мемлекеттің құзыретті органында бұрынғы тіркелген жері бойынша мемлекеттік есептен шығарылған, кедендік тазартудан өткен болса, яғни осындай талаптарға сәйкес келсе, қаулыға сай көлік құралдарына бастапқы мемлекеттік тіркеу үшін 200 000 теңге мөлшерінде алым мөлшерлемесі қолданылады.

Шетелдік автомобильдерді бастапқы тіркеудің көрсетілген тәртібі 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қолданыста болады және M1, M1G, M2, M2G, N1, N1G санаттарындағы көлік құралдарына, оның ішінде бастапқы мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының азаматтарында жүзеге асырылатын басқару тетігі оң жақта орналасқан көлік құралдарына қолданылады.

Бұл ретте көлік құралдарын санаттар бойынша жіктеу Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіндегі (КО ТР 018/2011) 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

«Ақмешіт-ақпарат»



«AMANAT» партиясы филиалдарына жаңа төрағалар сайлануда. Бұған дейін партияның облыстық, қалалық және аудандық филиалдарының төрағалары сайланса, кеше Қызылорда қалалық филиалының кезектен тыс XXX конференциясы өтіп, партия филиалының төрағасы сайланды.



ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНДА – ЖАҢА ТӨРАҒА

Жиынның күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес «AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының төрағасына Ибадулла Құттықожаевтың кандидатурасы қолдап, Ибадулла Дүйсенбайұлы төраға болып сайланды. Сонымен қатар филиалдың Саяси кеңесінің құрамына да өзгертулер енгізілді.

Кезектен тыс конференцияға «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, партия филиалының саяси кеңесінің мүшелері, қалалық мәслихаттағы фракция депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары және партия белсенділері қатысты.

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ДОМБЫРА ЖАСАУ – КӘСІП ЕМЕС, ӨНЕР



Тарихтан тағылым алып, оны өмір өзегіне айналдырған ісмер адамдар қоғамымызда көптеп кездеседі. Барын бағалап, жақсысын жарастырып жүрген жандар жайлы аз айтылып, аз жазылып жүрген жок. Ондағы басты мақсат – жастарды еңбекқорлыққа, төзімділікке баули отырып, еңбек адамдарын насихаттау.

Байырғы ата-бабаларымыз ағаш, сүйектерден түрлі бұйымдар жасап, оны тұрмыстық қолданыста кенінен қолданып отырған.

Осындай он саусағынан өнер тамған колөнер шебері – Акбүркіт Жауынғаров.

2 БЕТТЕ

ЕСЕЛІ ЕҢБЕК – ӨРКЕНДЕУ НЕГІЗІ

Қала көлемінде газ желісі тартылмаған елді мекеннің бірі – Ақсуат ауылдық округі. Бұл ауылдық округке 2022 жылы республикалық бюджеттен 4,4 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. Аталған жобаны аяқтауға биыл 1 млрд 700 млн теңге бөлінген көрінеді. Осылайша қалаға қарасты тағы бір елді мекен «Көгілдір отынға» қосылады. Несін жасырамыз Қызылорда қаласына қарасты газға қосылмаған тағы бірнеше ауыл бар. Қала әкімінің айтуынша, оларға да нақтылы жобалар әзірленген. Биыл газдандыру жобасына Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай, Досан елді мекендері еніпті. Оған ұлттық қор мен облыстық бюджеттен 662,7 млн теңге бөлінді. Игілікті іс ақпан-наурыз айларында басталады деп күтілуде. Бұдан бөлек саяжайлар да назардан тыс қалмаған.

– Саяжайлар да назарымыздан тыс қалған емес. Өткен жылы «Болашақ» баубақша серіктестігі, «Еңбек» аумағындағы жеке тұрғын үйлер секторы, «Эдельвейс», «Орбита» аумақтарындағы ауыз су желілерінің құрылысына 509,8 млн теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілді. Оны аяқтауға осы жылға облыстық бюджеттен 58,9 млн теңге бөлініп, көзделген жұмыстар толығымен бітеді, – деді Қызылорда қаласының әкімі.

Қызылорда қаласындағы өзекті мәселенің бірі – қоғамдық көлік жайы. Тұрғындар осы мәселені жиі көтеріп жүр. Халық үніне құлақ асқан облыс басшылығы бұл мәселенің де түйінін тарқатты. «Өздеріңізге белгілі, өткен жылы «Қызылорда автобус паркіне» «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы жаңадан лизингке 150 автобус алуға 1 млрд 430 млн теңге бөлінген болатын. Соның аясында 100 жаңа автобус маршруттық бағытқа қосылды. Қалған автобустарды ақпан айында жеткізуді жоспарлап отырмыз», – деген қала басшысы биыл тағы да 150 автобус алуға қаржы бөлінгенін жеткізді.

Шаһар басшысының айтуынша, меценаттар мен демеушілер де ел үшін аянып жатқан жоқ. «Балалар жылы» аясында облыс әкімінің бастамасымен, кәсіпкерлердің демеушілігімен қала және оған қарасты кент, ауылдық округтерге барлығы 50 ойын-спорттық алаңы салынды. Сонымен қатар көпөтіреті тұрғын үй аудаларына бюджет есебінен 3 спорттық ойын алаңын салуға 52,5 млн теңге бөлініп, пайдалануға берілді. Облыс әкімінің бастамасымен өткен жылы облыс орталығында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке» сарайы, 3,7 млрд теңге болатын 1000 орындық «Өнер» орталығы, сол жағалаудағы құны 2,7 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығының» құрылысы басталды. Биыл аталған нысандардың құрылысын жалғастыруға республикалық және облыстық бюджеттен 5 млрд 536 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығының

Басы 1-бетте



іргетасы қаланды. Бұл ғимарат биыл халық игілігіне пайдалануға беріледі. Инфрақұрылымдық әлеуетті дамытуда Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 12 млрд теңге болатын «Қорқыт құна» әуежайының жаңа терминалының құрылысы басталды. «Қазгермұнай» Ұлттық компаниясы басшылығының қолдауымен заманауи үлгідегі «Оқушылар» сарайының жобасы бастау алып, «Саутс Ойл» компаниясы 10 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасының жаңа стадионын салуға ниет білдірді. Өткен жылы қуаттылығы 240 мегаваттты құрайтын жылу электр орталығының іргетасы қаланды. «Акса энерджи» түрік компаниясымен бірлескен жұмыстар 2025 жылы аяқталып, жаңа нысан ел игілігіне беріледі. Бұл арқылы қала аумағын жылу және электрмен толық қамтамасыз ете аламыз. Осы мәліметтерді алға тартқан қала басшысы биыл да барлық сала бойынша жұмыстарды қарқынды жүргізіп, көрсеткіштерді еселейтінін мәлім етті.

– Яғни, биылғы жылы Қызылорда қаласында тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға ұлттық қордан, республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 48 млрд теңге бөлініп, ірі жобалар жүзеге асатын болады. Атап айтқанда, апатты үйлердің тұрғындары үшін 140 пәтерлі, Жаппасбай батыр көшесінде екі 40 пәтерлі және 60 пәтерлі бір үйдің құрылысына 1,0 млрд теңге бөліне, апаттық тұрғын үйде тұратын отбасыларды баспанамен қамту үшін 40 пәтерлі тұрғын үй сатып алуға 562,5 млн теңге, барлығы 1 млрд 562,5 млн теңге бөлінді. Оған қоса, биылғы жылы сол жағалаудан 84 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы басталады, – деді қала әкімі.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыс орталығынан заманауи үлгідегі 8 мектеп салу жоспарлануда. Шаһар басшысы Асылбек Шәменовтің сөзінше, бес білім ордасының құрылысы биыл басталады. Атап айтқанда, бюджеттен бөлінген 13 млрд 416,7 млн теңгеге Жезқазған трассасы бойынан 600 орындық, сол жағалаудан 400 орындық

300 орындық жатақханасымен физика-математикалық мектеп-интернаты, сол жағалаудан 900 орындық, Арай мөлтек ауданынан 2000 орындық, КБИ мөлтек ауданынан 600 орындық, СІМК 70 мөлтек ауданынан 2000 орындық және Қызылжарма ауылдық округінен 900 орындық мектеп құрылысы басталады. Бұдан бөлек Қызылорда қаласында №2 мектеп жанынан қосымша 550 орындық, №1 мектеп жанынан 375 орындық, №264 мектеп жанынан 550 орындық және №3 мектеп-гимназия жанына 375 орындық қосымша ғимарат салу үшін облыстық бюджеттен 795,5 млн теңге бөлінді.

Тағы бір атап өтерілігі, бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсекке лайықталған көпбейінді аурухана (онкологиялық бөлімшесімен) салуға республикалық және облыстық бюджеттерден 3 млрд 272,4 млн теңге бөлінген. Тасбөгет кентінен дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға облыстық бюджеттен 542,1 млн теңге бөлінгенін мәлім еткен қала басшысы 2023 жылы бюджеттің барлық түрлері мен мемлекеттік бағдарламалар арқылы жалпы сомасы 10 млрд 246 млн теңгеге барлығы 231 көше жөндеуінін баян етті.

Соңғы жылдары тұрғындар арасында жиі көтеріліп жүрген мәселенің бірі – көпірлер құрылысы. Биыл бұл бағытта да ауқымды жобалар жүзеге аспақшы. Атап айтқанда, Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі құрылысына ұлттық қор және облыстық бюджеттен 320,6 млн теңге қаралса, Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін темір жол өткелін салуға жобасметалық құжаттамасын сараптама қорытындысымен әзірлеуге облыстық бюджеттен 51,2 млн теңге бөлінді. Ал өткен жылы басталған көпірлер құрылысын аяқтауға, яғни Қызылжарма арнасы арқылы Бәйтерек ықшам ауданына көлік пен жаяу жүргіншілерге арналған және Белкөл кентіндегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірлерінің құрылысын аяқтауға ұлттық қор мен облыстық бюджеттен 476 млн теңге қаралған.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

ДОМБЫРА ЖАСАУ – КӘСІП ЕМЕС, ӨНЕР

Халқымызда «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген нақыл сөз бар. Ақбүркіт бала кезінен әкесінің қасында қолғанаты болып көмектесіп жүріп, Еңбілдің бойына сіңіріп өседі. Ержете келе ағаш жонуға деген қызығушылығы артып, ұсталық өнер өмір өзегіне айналады. Ұсталық қасиет ордалы отбасындағы алты ағайынның ішінде үйдің кенже баласы Ақбүркітке қонған. Міне, біздің мақаламызға өзек болған шебердің өзіндік өмір жолы атадан балаға мұра болған ізгі үрдісі көпке үлгі-өнеге. Өнердің қай түрін болсын көздің қарашығындай қастерлеп ұстай білсе ол мәңгілік өміршеңдігін жоғалтпайды. Айлар алмасып, жылдар жалғасады. Алайда ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қазақы тәлім-тәрбие секілді бояуы қанық табиғи дүниелер ғана ғасырлар мен дәуірлерге иек артып, мәңгілік елмен бірге жасай бермек.

– «Еңбектің көзін тапқан, берекенің өзін табады» деп халқымыз тегін айтпаса керек. Әр адам қандай іспен айналысса соның жемісін жейді. «Еңбек ер атандырады» деген емес пе. Оның ішінде колөнер ісі аса шыдамдылық пен терең талғампаздықты қажет етеді. Бір домбыра бағасы 45 мың көлемінде сатылуда.

Домбыра жасау менің бала кезімдегі қызығушылығымнан басталып, өмірлік кәсібіме айналды. Әкем заманында ағаш ұстасы атанған. Тұтынған құрал-жабдықтары әлі күнге сақтаулы. Оны көненің көзіндей мұқият ұстап, қажетіме қарай пайдаланамын. Адам қандай іспен айналысса да жан жүрегімен, шынайы көңіл қалауымен атқаруы керек. 2017 жылдан бастап, Біржан Ділманов деген ағаш шеберінен дәріс алдым. Соның қасында бес жыл жәрдемдесе жүріп, тәжірибе жинақтадым. Осылайша домбыра жасауға деген ынта-жігерім арта түсті. Одан бөлек, әкемнен дарыған қасиетім бар. Тегінде бар қасиет тек жатқызбайды, – дейді ағаш шебері Ақбүркіт Жақсыбекұлы.

Атаның тегімен, ананың сүтімен келген ұлттық қасиеттерімізді ұмыт қалдырмай ұлықтай білсек нұр үстіне нұр болар еді. Өзіміздің жергілікті отандық өнімдерімізді осылай құрметтей білсек болашақ ұрпақ алдындағы міндетіміз өтелгендей болары хақ. Ағаштан ою ойып, темірден түйін түйген шеберлердің ісмерлігі қашанда болсын құрметке лайық.

Домбыра жасауды қолға алған шебер кәсіп бастағандарға арналған мемлекеттік грант байқауына қатысып көрді. Нәтижесінде ол 1 млн 200 мың теңге көлемінде мемлекеттік грант жеңімпазы атанып, алған қаржысына жұмысына қажетті станок сатып алғанын айтады. Алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтіп, цех жұмысын жетілдіре түсуді мақсат етуде. Сондай-ақ болашақта өз тәжірибесімен бөлісіп, шәкірт тәрбиелеуді де қолға алмақ ниетті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

ҚАЛАҒА ТАҒЫ ДА ЖАҢА АВТОБУС КЕЛЕДІ

Бұл мекеме 2013 жылдан бастап қызмет етіп келеді. Күні бүгінге дейін «Автобус паркіне» қарасты автобустармен бірге жеке қызмет көрсетушілер бірге жұмыс істеді. Ал 2021 жылдан бастап «Қызылорда автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып, өз алдына бөлек мекемеге айналды. Бүгінде қалаішілік 12 бағытты қамтамасыз етуде. Олар №1, №11, 14, №17, №18, №19, №20, №22, №25, №28, №29 және қосымша жүктелген «Ягодка» саяжай бағыты бойынша қызмет көрсетеді.

– Облыс әкімдігінің қолдауымен серіктестікке «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жаңадан лизингке 150 автобус алуға облыстық мәслихат шешімімен алдын-ала төлемге 1 млрд 434 млн теңге бөлініп, оның 100 автобусын алуға шарт жасалып, жұмыс жасауда. Қалған 50 автобус бойынша тиісті құжаттар «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен шарт жасалып, автобустардың келуі үстемізделгі жылдың ақпан айында күтілуде, – дейді аталмыш серіктестік директоры Мақсат Жүсіп.

Негізгі әр бағытқа кемі 12-15 автобус бөлінген. Биыл тағы 150 үлкен сыйымдылықтағы автобус қалаішілік маршрутқа қосылады. Сонымен қалаішілік тасымалдың 70-80 пайызы жаңа үлкен сыйымдылықтағы автобустармен қамтылады. Алдағы уақытта тағы бес бағытқа жаңа замануи автобустар беріледі. Олардың қатарында №12, №16 және пандемия кезінде мүлде жұмысын тоқтатқан №3, №9 бағыттағы маршруттар қарастырылуда.

Сонымен қатар бүгінде бұл серіктестікте автобустардың көбеюіне байланысты штат бірлігі де арта түсуде. Қазір мұнда 300 адам жұмыс істесе, оның 200-і автобус жүргізушілері. Сондай-ақ жүргізушілердің D-1 категориядағы кемінде 5 жыл еңбек өтілі болуы тиіс. Олардың өзі арнайы формамен қамтылады.

Басы 1-бетте

ЖАҢА АВТОБУСТАҒЫ ЖОЛАҚЫ: КАРТАМЕН АРЗАН, ҚОЛМА-ҚОЛ ҚЫМБАТ



ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Серіктестік басшысының айтуынша, 2020 жылы электронды билетті «Алемрау» ЖШС енгізген. Сараланған тариф 2021 жылдың қаңтар айынан электронды түрде төлем 85 теңге, қолма-қол төлем 90 теңге болып бекітілген.

Енді мекеме басшылары алдағы ақпан айынан бастап, автобус паркіне қарасты қоғамдық көліктердің жүру ақысын қолма-қол төлеммен 150 теңге, ал электронды түрде 85 теңге етуге ұсыныс беруде. Жасыратыны жоқ, қолма-қол төлем әлдебіреулердің қалтасына түсуі мүмкін. Ал электронды түрде төлем жасалса, ол тікелей мекеменің есепшотына аударылады. Халық

оған түсіністік танытуы тиіс. Сонымен бірге «SMS BUS» мобильді қосымшасын кез келген телефоннан жүктеп алуға мүмкіндік бар. Ол арқылы көліктің қай аялдамадан шыққанын, уақытын бақылай аласыз. Тағы бір жаңалық алдағы уақытта оқушылар тасымалын да осы автобус паркі өз иелігіне алып, сапалы әрі қауіпсіз қызмет көрсетуді жауапкершілігіне алмақшы.

ЭЛЕКТРОНДЫ КАРТА ТЕГІН ТАРАТЫЛДЫ

Бүгінде желтоқсанның 15-і мен қаңтардың 15-і аралығында «Халыққа сапалы қызмет және қауіпсіз жол» акциясы өтуде. Сондай-ақ алдағы уақытта да осындай акциялар жалғасын таппақ. Осыған орай қоғамдық көліктерде халыққа тегін карталар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



– Бүгінде қалаішілік 12 бағытта жолаушылар автобусы қызмет көрсетуде. Алдағы уақытта олардың қатарын жаңа автобустар толықтыра түседі. Біздің мақсат – халыққа қалтқысыз қызмет көрсету. Электронды жүйеге көшу қызметін жолға қойып жатырмыз. Алдағы уақытта электронды карта арқылы төлем

жасауды толыққанды енгіземіз, – дейді «Қызылорда автобус паркі» ЖШС қауіпсіздік қызметі бойынша директор орынбасары Әмірбек Шаймағанбетов.

ӘНГІМЕ СОҢЫНДА...

Жаңа қоғамдық көліктер қызылордалықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадамның бірі. Ал мұны жүзеге асыруға аталмыш серіктестік ұжымы кірісіп те кетті. Тіпті мекеме басшылығы әңгіме соңында мынадай жақсы ұсынысымен де бөлісті.

– Алдағы уақытта жаңа автобустарда қай аялдамаға келгендігі, келер аялдаманың атауы айтылып, жағымды әуен немесе қазақтың күйі орындалып тұрады. Біз осыны қолға алып жатырмыз, – деді мекеме директоры. Осы

орайда журналистер де жалпы Сыр өңірі жайлы, Қызылорда туралы қажетті ақпараттарды да қоюға артық болмас еді деген ұсынысын білдірді.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суреттерді түсірген
Нұрбол НҰРЖАУБАЙ

Жас өренді білім нәрімен сусындатып, танымын кеңейтуде білім мен тәлім-тәрбиенің рөлі ерекше. Еліміздің келешегін жарқын ету үшін оқу-ағарту саласындағы оң бастамаларға әрдайым жол ашық. Яғни, шәкірт жүрегіне нұр құйып, жан-жақтылыққа баулитын шаңырақтың қоғам үшін қай кезде де маңызы ерекше. Осы орайда білім мен ғылым дамыған заманда, ақпарат пен техниканы ұштастыра біліп балаға озық білім беру – уақыт талабы. Осы үлдеден шығу жолында жаңашылдық пен ізденісті басшылыққа алған білім ошағының бірі – қаламыздағы №2 «Абай» атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп.

100 жылдан аса тарихы бар алтын ұя кешегінің келбетін естен шығармай, бүгінгінің бағытын ұстана-нып, болашаққа нық қадам басып келеді. Ғасырдан аса уақыт ішінде мектепті қаншама түлек бітіріп шықты. Олар қазіргі таңда өмірдің әр саласында жемісті еңбек етуде. Білім мен тәрбиені қатар ұстаған тағылым орнында түлектер көңіл түкпірінен өшірмейтін талай өнегелі істер бар.

Қаламыздағы ең үздік мектептің бірі саналатын ғимаратқа келгенде ерекше сезімге бөленесін. Әрбір бала осындай үлкен, таза, сапалы білімі бар оқу орнында оқыса қандай ғанибет...

Мектептің табалдырығын аттаған-ақ оның жүрекке жылылығы сезіле түседі. Қоңырау сыңғыры, сыныптардағы оқушылардың көңілді дауыстары ғимараттың сәнін келтіріп тұрғандай. Мектепте Абай мұражайы жасақталған. Мұражай мазмұнына



– Қазіргі заман ағымы жас өрендерге әртүрлі бағдар беруге үлкен жауапкершілікті талап етіп отыр. Дарынды бала – бәріміздің мақтанышымыз. Сонымен бірге ол – ортасының өнегесі. Тәрбие

Қазіргі уақытта мектепте 4197 жас өрен тәлім алып жүр. Олардың ішінде алтын ұяның мерейін үстем етіп, мақтанышқа айналғаны көп. Оқушы жетістігі әрқашан ұстазын қуанышқа, шаттыққа бөлейді. Өнерде



БІЛІМ АЙНАСЫ

Ол бала күнінен сурет салуға бейім болып өседі. №235 Қ.Қаракөзов атындағы орта мектебінде білім алып, болашақта суретші болуды армандайтын. Бала күнгі арманына қол жеткізу үшін 2008 жылы М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжіне құжат тапсырады. Мұнда бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша Ұлжан Қалиева, Кенже Бабасова, Индира Шәмшатов

секілді білікті оқытушылардан білім алып, кейін Қорқыт ата атындағы университетте оқуын жалғастырады. Жоғары оқу орнын қызыл дипломға тәмамдаған Айдана Болатқызы еңбек жолын Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектепте бастаған.

– Мұғалімдік қызметке кіріскен күнім әлі көз алдымда. Жұмысымды ерекше тәбіріненіспен, жүрексініп бастадым. Уақыт өте келе білікті басшы Жанат Сәдуақасова басқаратын бірлігі бекем педагогикалық ұжымға сіңісіп кеттім. Қазір мектепсіз, оқушыларсыз бір күнімді де елестете алмаймын. «Ұстаз бақыты – шыңға шыққан шәкірті» демекші, халықаралық, республикалық сурет салу, сызу байқауларында топ жарған оқушыларым көп. Олар ата-аналарының ғана емес, мектебіміздің де мақтанышы, – дейді Айдана Өмірзақова бізбен әңгімелесу барысында.

Ізденісті серік еткен білімді ұстаз бейнелеу өнері бойынша тың тәсілдерді меңгеруді жолға қойған. Ол оқушыларға үйреніп жүріп өзінің де кәсіби біліктілігін жетілдіріп келеді. Өзі де түрлі шығармашылық байқауларға қатысып, бақ сынап жүр. Сол еңбегі еленіп, 2019 жылы республикалық деңгейдегі жас мамандар байқауында «Үздік жас маман» төсбелгісімен марапатталған. Сонымен қатар облыстық білім басқармасының, қалалық білім бөлімінің бірнеше рет Құрмет Грамотасы мен Алғыс хатын иеленген. Түрлі қоғамдық ұйымдар мен білім беру орталықтарынан алған марапаттары да бір төбе. Бұл марапаттар жас маман үшін жетістіктердің бастауы екені анық.

– Әр жетістікке жеткен сайын маған білім берген ұстаздарымның еңбегін жоғары бағалаймын. Университет қабырғасында өз ісінің шебері атанған Айдана Әділдарова мен Тұрсынбек Омаровтан білім алдым. Бізге сурет өнерінің

Мемлекет тарапынан білім беру саласын дамыту бағытында нақты қолдаулар көрсетілуде. Соның негізінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеріп, шығармашыл ұстаздардың саны артуда. Қаламыздағы №2 Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі Айдана Өмірзақова – оқушыларға білім беруден қатар, шығармашылықпен де айналысатын жоғары білікті маман.

ШЫҒАРМАШЫЛ ҰСТАЗ



қыр-сырын, әр бояудың өзіндік орны, қолданылатын реті бар екенін үйретті. Қазір білімімізді оқушыларға үйретіп, бағыт-бағдар беріп келеміз. Мектебімізде шығармашылыққа бейім, өнерге икемді оқушыларға барлық жағдай жасалған. Бастымыз Жанат Мылтықбайқызы педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға ерекше мән береді және оқушыларды ынталандыру шараларын ұйымдастыруға көңіл бөліп, қолдау көрсетіп келеді, – дейді жас маман.

Халық даналығында «Ұстазы жасының – ұстамы жақсы» деп бекер айтылмаған. Айдана Өмірзақованың талабын шыңдауға арнап келеді.

– Ел ертеңі – озат оқушылар. Біз бүгінде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы болашақтың негізін мықтап қалап жатырмыз. Сондықтан өз мамандығымыз мақтаныш етемін. Мерей Оңдалы, Аминат Жомарт, Мадилана Егенбергеннова, Ақбота Сәрсеналиева секілді болашағынан көп үміт күттіретін оқушыларым көп. Өзіндік оқушыларымның ата-аналарына алғысымды айтқым келеді. Сіздердің ақпараттық қолдауларыңыз білімнің биік шыңын бағындыруымызға жол ашып, жана серпіліс сыйлайды деп сенемін, – дейді Айдана Өмірзақова.

Ұзақ жылдар білім беру саласында жемісті еңбек еткен анасы Ботагөз Дабылованың жолын қуған жетістігі көп шығармашыл ұстаздың ізденісі мен белсенділігін үйінің төрінде, сынып бөлмесінде ілініп тұрған Алғыс хаттар мен сертификаттардан аңғаруға болады. А.Болатқызының «Заманауи білім беру тенденциялары, педагогикалық шеберлік» тақырыбындағы зерттеу жұмысы мұғалімдерінің тәжірибелік жинақ кітабында енген. Болашақта оқушыларының туындыларынан көрме ұйымдастыруды жоспарлап жүр. Біз шығармашыл ұстазға шын жүректен сәттілік тілейміз!

ОҚУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – БІЛІМНІҢ НЕГІЗГІ КІЛТІ



бірнеше шығармалары бар топтамалар немесе кітаптар сериясы;

Ақпаратты беру түрі бойынша: қағаз кітаптар, аудиокітаптар, онлайн кітаптар және т. б.

Жанр бойынша: халық ертегілері, ғылыми фантастика, қиял, әңгімелер, өлеңдер, тарихи-шығармалар, ғылыми басылымдар, энциклопедиялар, публицистика, өмірбаян, өнер туралы кітаптар (музыка, кескіндеме, би туралы) және т. б.

Қазіргі уақытта балалар әдебиеті мазмұны мен формасы бойынша алуан түрлі. Кітап оқу кезінде әртүрлі көзқарасты қажет етеді. Суретті иллюстрациялары бар кітаптарда, мысалы, визуалды бейнелер маңызды семантикалық жүктемеге ие, бұған оқу барысында мұқият назар аудару керек. Ақпараттық мәтіндерді оқығанда карталар, графиктер, кестелердің құрылымын білу қажет. Көркем әдебиет жанрларын талдай білу жұмысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушы не оқып жатқанын түсіну үшін оқу мақсатын анықтау маңызды: не үшін оқиды, шығарманы оқып, нені үйренеді, оқылмадағы мәліметті жеке тұлғалық тәжірибеммен, өз білімімен байланыстырады. Бұл оқушының қызығушылығын арттырады, мәтінмен байланыс жасауға жағдай туғызады.

Әр оқырман оқу туындысын таңдағанда өзінше болжам жасайды, шығарма не туралы болады, тақырып пен жанр қызықты ма, әлде нақты бір саладағы білімді кеңейту қажет пе, әлде бұл кітап тек көңіл көтеріп уақыт өткізуге арналған ба деген сұрақтарға жауап беруге тырысады. Тағы бір маңызды мәселе, кітап оқу тәжірибесі, авторды немесе тақырыпты білуі, суреттер, мұқаба және формасы ұнай ма, шрифті толық қабылдау үшін коллетімді ме, біз осы кітаптар сериясынан бұрын оқыдық па және т. б. сұрақтарға мұғалім шығарманы таңдауда назар аударуы қажет. Әрине кітаптар оқушылардың жасына сәйкес келуі керек, олар үшін қызықты болуы керек.

Әдетте біз оқылмадағы дамыту процесінің әдіс тәсілдерін үш кезеңде бөліп қарастырамыз: оқуға дейінгі, оқу барысындағы, оқудан кейінгі кезең.

Оқуға дейін оқушы болжам, болжам жасап үйренеді, гипотезалар құрып, сюжет барысы қалай өрбитінін, болжамдардың расталатынын не теріске шығатынын бақылап үйренеді. Бұл мәтінді түсіну процесін бақылауға

көмектеседі, оқи отырып, оқушы бұған дейін қойылған сұрақтарға жауап іздеуге тырысады, бұл өз кезегінде мәтінді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу барысында процесс әртүрлі оқу формалары мен әдістерді қолдану арқылы іске асады.

Оқудан кейін оқушыларды негізгі мәліметті табуға, басты кейіпкерлер, қандай оқиға орын алды, олардың реті, орны мен уақыты қандай, мәтіннен алынған мәліметті біріктіре алу, салыстыра талдау, өз ойын тұжырымдау, мәтінге көзқарасы мен түсінгенін бағалау.

Оқушылар әріпті таниды, мәтінді оқиды, бірақ оқушылардың түсінеді ме? Қаншалықты жақсы түсінеді? Түсінуге қалай үйретуге болады? Заманауи балалар жазушысы Даниэль Пеннак «Как роман» педагогикалық эссесінде декодтаудан мәтінді түсінуге өту кезеңінің маңызын атап өтеді: «мәтін тығырлықка тірейтін жұмбаққа айналуын қойған кезде, біз оның мағынасын түсінуге тырысуымыз рахатқа айналады, ал түсіне алмау қорқынышын жеңген кезімізде, тырысу мен рахат қатар бір-біріне жұмыс жасай бастайды, оқуға тырысу үлкен рахат сезіміне әкелсе, түсіну сезімінің рахаты одан әрі қызықтырады...».

Оқылған мәтінді түсіну – оқылып жатқан мәтіннің мазмұнын түсіну, оны интерпретациялай алу және оқылған дүниеге өз қатынасын қалыптастыра алу. Бұл бастауыш сыныпта оқушылар үйреніп алуы қажет маңызды қабілет.

Түсінуге көп факторлар әсер етеді: Сөздердің мағынасын түсіну, оқу сауаттылығы, оқу жылдамдығы, оқушының тәжірибесі мен білімінің жеткіліктілігі, есте сақтау, ойлау, қиялды қосу қабілеті.

Оқу құзыреттілігінің маңызын халықаралық PIRLS, PISA секілді мониторингтік зерттеулер басталғанда ерекше сезіндік. Кез келген білімді оқушы тек мәтін арқылы алып үйренеді. Сол үшін оқу сауаттылығының маңызы оқу процесінде және жалпы өмірде ерекше маңызды.

Балдырған БАЙМАҒАМБЕТОВА,
Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

БҰЛ – ҮЗДІКТЕР МЕКТЕБІ



бірнеше атаулар берілген.

«Абай және тектілік та-мыры» деп аталатын бұ-рышта Абайдың әкесі Құнанбайдың ұрпағы және Абай балалары туралы мәліметтер келтірілген. «Әлем таныған Абай» бұры-шында Абай ескерт-кіші орнатылған ел-дер картасы және суреттері бейнеленген. Мектеп оқушыларының жетістіктерінің кубокта-ры қойылған. Одан бөлек кеуденді нұрға бөлейтін ақ-параттар, оқушылар, түлектер туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар ұс-таздар туралы баннерлерді көруге болады.

Мектеп ұжымы бізді жылы шы-раймен қарсы алды. – Білім ошағында қазіргі кезде жаңартылған бағдарламалар бойын-ша сабақтар өткізілуде. Білім беру барлық деңгейде өтеді. Шығар-машылық ізденісті жетілдіру ар-қылы сапаның сапасын арттыруға мүмкіндік зор. Талай талантты шәкіртке тәлім берген мектептің ұстаздар қауымы әрдайым ізденіс үстінде. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлімді тәрбие мен сапалы білім беру маңызды міндет екені баршаға мәлім. Осы орайда мектеп мұғалімдерінің атқарып жатқан жұмыстары ұшаң-теңіз. Нарық заманында білім алудың ауадай қажеттігін оқушылар да жыл өткен сайын жан-жақты, терең, жете түсініп келеді. 2022 жыл біздің мектеп үшін толағай табыстарға толы жыл болды. Мектеп директоры Жаннат Мылтықбайқызы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, «Үздік педагог – 2022» номинациясы бойынша қазақ тілі пә-нінің мұғалімі Жанар Сақтағанова 918000 сыйақымен марапатталды, – дейді директордың ғылыми-әдісте-мелік жұмыстары жөніндегі орын-басары Арайлым Сапар.

Бүгінгі таңда аталған оқу оша-ғы сапалы білім беретін, алға орына айналып. Шәкірттері ілгері ұмтылып, сайыстардың жүлдегері атанып жүрген мектептің келешегі кемел болары анық.



де, білімде де, спортта да биік белестен көрініп жүрген жеткіншектер мектеп мақ-танышы.

Оқушылардың білім деңгейі жыл сайын-ғы түлектер арасында өтетін ұлттық бірін-ғай тест кезінде тара-зыланып келеді. Мек-теп түлектері ҰБТ дан жақсы нәтиже көрсетіп, айырылы ас-кақтай түсуде. Сондық-тан да жыл сайын мектеп оқушыларының дайын-дығына үлкен мән бері-луді.2022-2023 оқу жылында 199 түлек бітіреді. Биылғы оқу жы-лында ұлттық бірінғай тестілеуге оқушылардың таңдау пәндері бойынша сабақ кестесі құрылған. Апта соңында оқушылардан сынама тест алынып, сынама тест нәтижесі бойынша талдау жұмыстары жүргі-зіледі, 5 пән бойынша әр балаға жеке жұмыс пен мониторинг жасалынып, жіті бақылауға алынып отыр.

Мұнда 450 мұғалім жұмыс істей-ді. Қиыны мен қызығы мол осы жол-да талай жылғы еселі еңбегі еленген-дер жетерлік. Мектеп мұғалімдері өздерінің біліктілігін кәсіби педа-гогикалық қалалық, облыстық, рес-публикалық байқауларда жоғары көрсеткішпен дәлелдеп жүр.

Білімнің қарашанырағы осылай-ша ұрпақ бойынша білім нәрін сіңіруде. Түрлі қиындықтардан өтсе де әлі күнге дейін өз ұстанымын сақтап келеді. Шәкірттеріне тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытты.

Білімнің биік мінберінен ойып орн алған мектеп ұжымы осылайша өркеніетті заманның талап үдесі-нен шығу жолында әркез талмай еңбек етуде. Себебі мұнда өз ісіне адал мейталман мамандар мен кемел келешегім – білімде деп ұғынатын ынтыл шәкірттер бар. Расында, сапалы білім беруге жағдай жасау – басты мақсат.

Бетті дайындаған
Айтолқы АЙТЖАНОВА



Қаламызда тіршілік қазаны қайнап жатқан мекеменің бірі – «Су жүйесі». Тұрғындардың ауыз су сапасына, оның тұрақты берілуі секілді басқа да мәселелерге қатысты көңіл толмаушылығы жетіп артылады.

Әрине, мекемеде қордаланған мәселелердің де бар екенін білеміз. Қаланы ауызсумен қамтамасыз ететін мекемеде қандай мәселе бар? Осыған орай біз арнайы мекеменің өзіне де, сыртта «Су жүйесі» құбырларын жөндеп жатқан жұмысшы топтарға да барып, тыныс-тіршілігімен танысып қайтқанды жөн санадық.



Кеше...

Қаладағы «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорынның негізгі міндеті – тұтынушыларды үздіксіз ауызсумен қамтамасыз ету, кәріз суларын бұру және тазарту. Алдымен осы мекеменің тарихына қысқаша тоқтала кетсек, шаһардың ауызсу мен кәріз жүйелері шаруашылығы 1962 жылы құрылған. Сол жылы мекеме теңгерімінде 28 шақырым ауызсу жүйесі, 17 ауызсу тарату колонкасы, бірінші және екінші көтерілімдегі бас тоған ғимараттары, 14 мың кубометр болатын көлденең су тұндырғыш, 4 мың текше метрлі таза су қоймасы, уақытша типтегі хлоратор, бу қазандығы, 1260 кВт трансформаторлы подстанциясы мен 3,7 шақырым кәріз жүйесі болған. Халыққа ауыз суды Сырдария өзенінен залалсыздандыру әдісімен тұндырғыштарда суға хлор ерітіндісін қосу арқылы берілген.

Ал 1968 жылы Тасбөгет кентіндегі бас тоғанда өнімділігі 22,5 мың текше метр су сүзгілеу стансасы салынып, пайдалануға берілді. Қала халқының өсуімен қатар жаңадан тұрғын аудандар қосылып өркендеді. Мәселен, 1998-2000 жылдар аралығында «Мұнайшы», «КБИ», «Тасбөгет», «Комсомол» аудандарының ауызсу және кәріз су жүйелері қосылды. Осы жылдарда мекеме теңгерімінде жалпы 235,8 шақырым ауызсу жүйесі, 201,78 шақырым кәріз су жүйесі, 56 ұңғыма және 41 кәріздік насосты стансасы болған.

2001 жылдың тамыз айынан бастап 2002 жылдың шілде айына дейін «Водоканал» мекемесі банкроттық жағдайда болып, жергілікті басқару орындарының ұйғарымымен «Водо-канал» мекемесі «Зеленстрой» ЖШС-на сатылды. Екі жылда осы жеке шаруашылық серіктестігінің еншісінде болды. 2004 жылы Үкімет өз қарамағына қайта алып, «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып аталды.

Бүгін...

«Қызылорда су жүйесі» МКК қалалық әкімшілік еншісіне өткен уақыттан бастап, жалпы қаламыздың ауызсу мен кәріз жүйелері шаруашылығында көптеген өзгеріс орын алып, жетістіктерге жетті. 2000-2007 жылдар аралығында көпқабатты тұрғын үйлерге берілетін ауыз су қысымын жоғарғы қабаттарға біркелкі көтерілуі үшін жалпы саны 7 су көтеру насосты стансасы салынып, іске қосылды.

2005-2010 жылдар аралығында жаңадан қосылған шет аймақтарға «Қаланың инфрақұрылымын дамыту және ұлғайту» жоспарының «Шет аймақ» және «Ақ бұлақ» бағдарламалары аясында ауызсумен қамтамасыз ету жолдары қарастырылып, 160 шақырым ауызсу жүйелерінің құрылысы, 21 ұңғыма нысаны бұрғыланды, 5 кәріз насос стансасы, 8,2 шақырым кәріз жүйелері және қаланың кәріз суларын тазалау мақсатында жобалық қуаттылығы тәулігіне 70 мың текше метр биологиялық тазалау стансасының құрылысы Қызылжарма аймағынан салынды.

2008 жылы «Ауызсу – 2002-2010» бағдарлама аясында «Қызылорда қаласының ауыз су, кәріз жүйелері мен ғимараттарын 2015 жылға дейін қайта жаңғырту» жобасына техника-экономикалық негіздеме даярланды. Осы жобамен қуаттылығы тәулігіне 34 мың текше метр су сүзгілеу станциясының құрылысы, 99,5 шақырым ауыз су жүйелері, 59 шақырым кәріз жүйелері, 19 КНС қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар жаңадан 57 жер асты су алу ұңғымасы бұрғыланып, пайдалануға берілді. «Степін», «Бас тоған», «Арай», «Қызылжарма», «Мұнайшы», «Тубдиспансер», «КТЭЦ», «ГОВД», «Мерей», «Старый рынок» су алу құрылымдарына қайта жаңғырту жұмыстары, Тасбөгет кентінен қуаттылығы тәулігіне 6,4 мың текше метр кәріз суды модульді биологиялық тазарту станциясының құрылысы жүргізілді.

Қаламыздың ауыз су, кәріз су жүйелері мен ғимараттарының тозығы жетіп ескірген нысандары қайта жаңғыртылып, жөндеуден өтіп келеді. Соның ішіндегі ең маңыздысы 2008 жылдан бастап осы уақытқа дейін Тасбөгет кентіндегі қалаға Сырдария өзенінен су алып таратушы бас тоған қайта жаңғыртылды. Қазіргі таңда 1-ші, 2-ші көтерілімдегі насосты стансалары қайта жаңғыртылып пайдалануға берілді, тәулігіне 34 мың текше метр су тазартатын су сүзгілеу стансасының құрылысы аяқталды.

Оған қоса «Ауызсу мен кәріз су жүйелері мен ғимараттарын жаңғырту», «Күрделі жөндеу» және «Жол картасы» бағдарламаларының аясында ауыз су жүйелерінің жалпы 130,66 шақырымы, кәріз жүйелерінің 79,6 шақырымы, 27 КНС қайта жаңғыртылып жөндеуден өтті.

2022 жылдың 10 айы бойынша кәсіпорынның бекітілген тарифтік сметасында күрделі жөндеу жұмыстары 38,7 млн теңгеге бекітіліп, оның орындалғаны 17,2 млн теңгені құрады. Жалпы өткен жылы мамандардың айтуынша біраз жұмыстар жүзеге асқан. Соның ішінде қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі арқылы 11 ұңғымаға күрделі жөндеу жұмысы атқарылып, іске қосылды. Кәсіпорынның өз күшімен инвестициялық бағдарламасы бойынша 3,29 км ауыз су жүйелері, 20 ұңғыманың насос

бүгінгіге қарағанда одан сайын жақсара түспек, – деп маман тілімен нақпа-нақ түсіндірген бас инженер Титов, Қызылжарма елді мекендеріне де тоқтала кетті.

Арайлықтар қандай су ішіп отыр?

Жылдан-жылға қаланың аумағы кеңейіп, тұрғындар қатары көбейіп келеді. Жаңа аудандар қосылып, жаңа үйлер салынууда. Әрине, Қызылорданың жаңағаны, кеңейгені қажет. Бірақ осының бәріне ауызсу керек. Осы күні қаланың әр шағын ауданы ауыз сумен мүмкіндігінше қамтамасыз етілген. Су сапасы да жақсарған. Алайда Арай шағын ауданының тұрғындары олай деп отырған жоқ.

Қазір жұмыс сапасы көрініп жатыр. Халық та тынышталды, арыз-шағым азайды. Ауызсу сапасының жақсарғаны көрініп тұр. Егер алдағы уақытта тағы осындай келенсіздік қайталанса, біз тазалау жұмыстарын жүргізуге дайын тұрмыз, – деп жауап берді бас инженер.

Мұндағы жұмыс барысын бізге тайға таңба басқандай түсіндіріп берген бас инженер Наурыз Елубайұлының жан-жақты білімділігі де, өз ісіне біліктілігі де айқын көрініп тұрды. Сондай-ақ әңгімелесу барысында бізге де жауап беріп, оған қоса «қаланың мына шетінде апат болып жатыр» деген сияқты қоңыраулар келіп, соған тиісті орындарға бірден тапсырма беріп, бәріне үлгеріп отырғаны көңіл қуантты. Содан кейінгі жұмысымыз Арай шағын ауданына бет алу болды.

– Арай - 2, 3 шағын аудандарындағы көпқабатты үйлердің тұрғындарынан біраз шағым түскенін білесіздер. Судың ластануы, сарғаюы жиі айтылды. Соған орай арнайы екі бригада құрылып, техникалар бөлініп, су сапасын қалпына келтіру мақсатында тазалау жұмыстары қолға алынды. Хлорладық, одан бірнеше жерден құбырларды ағызып, суын тазаладық. Қазіргі күні тұрғындармен де тілдестік, араладық. Нәтиже бар, су сапасы жақсарған, – деп жауап берді орталық су жүйелері нысандарын пайдалану бөлімінің аумақ басшысы Ғалымжан Асылбекұлы.

Расында, құбырларды реттеу құрылысы басындағы техникалар да, жұмысшылары да толаассыз тоқтамастан жұмыс істеп тұрды. Жылы әрі жайлы мекеме ішінде отырғаннан гөрі

«СУ ЖҮЙЕСІНЕ» АЛҒЫС КӨП ПЕ, АРЫЗ КӨП ПЕ?



Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

қондырғылары, 100 өрт гидранты және 0,483 км кәріз су жүйелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Скважиналар көбеюде

Бүгінде «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қала аумағындағы 84548 тұтынушыға өз қызметін көрсетіп келеді. Оның ішінде 80258 тұтынушы – жеке, 4290 тұтынушы – заңды тұлға.

– Қала тұрғындары ауыз сумен Қызылжарма және Қызылорда жерасты су кені арқылы қамтамасыз етіледі. Қазіргі күні күнделікті 52-55 ұңғыма арқылы тәулігіне 41-44 мың текше метр ауыз су өндіріліп, тұтынушыға таратылып отыр. Ал жаз айларында 75-80 ұңғыма арқылы тәулігіне 95-105 мың текше метрге дейін ауыз су беріледі. Сонда қараның, жаздың күні тұрғындар суды молынан пайдаланады. Бірақ ауызсумен тұрақты қамтамасыз етіп отырған соң біз осы күні қосымша ұңғымалар қазуға тапсырыстар беріп жатырмыз. Скважиналарды көбейтуді де қолға алдық. Осы жобаларымыз біртіндеп жүзеге асырылууда, – дейді «Су жүйесі» МКК бас инженері Наурыз Байрастанов.

Бәйтеректің өз скважинасы болады

Әңгіме барысында бас инженер Наурыз Елубайұлы қаланың сырт жағында орналасқан елді мекендерге тоқталып өтті.

– Сондай-ақ жаңадан қосылған Бәйтерек ауданында 470 метр жерден 8 скважина қазылып жатыр. Сол аумақты ауыз сумен толығымен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жүруде. Ал қазір ол жаққа суды қаладан беріп тұрмыз. Мұның өзі шығын деуге болады. Әрине, бұл уақытша. Алдағы уақытта Бәйтеректегі жұмыс толығымен аяқталған сәтте бұл қаладағы суды жаппан кезде Қорқыт ата көшесінің соңындағы үйлерге, Әл-Фараби шағын ауданына ауызсууды берілуі

Суға қанша төлейсіз?

№ п/п	Қызмет/тұтынушы атаулары	Өлшем бірлігі	ҚҚС-сыз тарифі	ҚҚС-мен тарифі (12%)
1	2	3	4	5
I	Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі			
	Халыққа	тенге/м³	38,85	43,51
	Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға	тенге/м³	63,43	71,04
	Бюджеттік мекемелерге	тенге/м³	90,03	100,83
II	Тұтынушылардың басқа топтарына	тенге/м³	128,23	143,62
	Сарқынды суды бұру және тазарту қызметі			
	Халыққа	тенге/м³	42,27	47,34
	Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға	тенге/м³	69,99	78,39
III	Бюджеттік мекемелерге	тенге/м³	108,01	120,97
	Тұтынушылардың басқа топтарына	тенге/м³	117,51	131,61

Әлеуметтік желілерді аша қалсаңыз, «Біз сары су, лас су, қара су ішіп отырмыз» деген пікірлер көптеп жазылуда. Өйткенімен арайлықтар көтерген мәселе мәңсіз қалмады. «Су жүйесі» МКК жұмысшыларынан арнайы бригада құрылып, техникаларымен іске кіресті.

– Қазір Арай шағын ауданында тұратын халық саны көбейіп келеді. Қазірдің өзінде осы ауданды үшке бөліп отырмыз. Яғни Арай - 1, 2, 3 деп бөліп қарастырамыз. Негізі бұл жақтың халқы ауызсу сапасын бірнеше жылдан бері көтеріп келеді.

Осы шағын ауданға берілетін ауыз су сапасын жақсарту мақсатында 2022 жылдың желтоқсан айында Арай су алу құрылымының 1000 м³ болатын 4 таза су резервуары тазаланып, резервуар ішіндегі құбырлары ауыстырылып, жер-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген болатын. Негізі бұл ауданда 13 скважина жұмыс істейді.

Ал су сапасына келсек, неліктен лас су ағады деген сұрақ бойынша айтар болсам, біз әбден зерттей келе, резервуарларды тексердік. Ішінін ластағаны, дақтың тұрғаны байқалды. Соның барлығы суды айдаған кезде шығатын болған. Біз соны өткен жылдың желтоқсан айында тазалап болдық, бірақ алдағы күн суып кеткендіктен қайта жұмысты бастап, толық жүйелерін тазаладық.

Нағыз еңбек кімдердікі?

Жаздың аптаған ыстығына, қыстың қақаған аязына қарамастан далада жұмыс істейтін қарапайым жұмысшылардың еңбегі зор. Биылғы қыс қарсыз болғанымен аязы қатты. Соңғы күндері күннің райы тіпті суытып кетті. Осындай салқынға қарамастан Арай шағын ауданында ауыз су сапасын жақсарту мақсатында жұмыс қарқынды жүріп жатты. Өзіміз де барып, күәсі болдық.

Тілші түйіні:

Ең басты міндет – халыққа сапалы қызмет көрсету. Ауызсуды тәулік бойына тиісті қысыммен беруге назар аударулы тиіс. Бұл бағытта нақты іс-шаралар қолға алынды, жұмыс жүйелі жүруде.

Иә, бәріміздің де таза су ішкіміз келетіні анық. Осы орайда ауыз су сапасы да басты назарда. Елімізде бекітілген стандарттарға, яғни 2874-82 ГОСТ-қа сай келеді. Ауызсу сапасы кәсіпорынның базалық зертхана мамандарымен күнделікті тексеріліп бақыланады, сонымен қатар қалалық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасымен қадағаланады.

Міне, осылайша мекеме өзінің 61 жылдық ғұмырында халыққа сапалы ауызсу беріп, лас суларын айдап, тәулік бойы қызмет көрсететін іргелі кәсіпорнына айналды. Алдағы уақытта бұл жаққа халықтан түсер арыздан гөрі алғыс айтар сөттер көбейсін дейміз.

Бетті дайындаған Ақтоқсан НҮРЛЫБАЙ



Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардың пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2795 Тапсырыс №65

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ